

Химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі
жанындағы жатақхананың 2015-2016 оқу жылында
атқарған қызметі бойынша
ЕСЕБІ



Атырау қаласы
2015-2016

ЖАТАҚХАНА ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

Атырау қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі жанындағы жатақхана қызметінің басты мақсаты тәрбиеленушілердің қалыпты демалысына жағдайлар туғыза отырып, шығармашылық ізденісін қолдау, көшбасшылық қасиет, үлкеннің кішіге деген қамқорлығын, оқу-танымдық қызығушылығын оята отырып, әлеуметтік ортада өзін-өзі мәдениетті ұстауға тәрбиелеу болып табылады.

2015-2016 оқу жылында жатақханаға орналасқан оқушылар саны 132 болды. Олардың ішінде ер бала саны – 40, қыз балалар саны – 92.

Педагогикалық жоғары білімді 9 тәрбиеші, 4 көмекші тәрбиеші 3 медбике бекітілген жұмыс кестесі бойынша өз міндеттерін атқарды.

Әдеттегідей оқу жылының басында атқарылатын қызмет бағыттары және тәрбие бағыттары бойынша үйлестіруші көшбасшылар белгіленді:

- «Ұйымдастыру-басқару жұмысы» және «Азаматтық-отансүйгіштік тәрбие» бағыты бойынша – Б. Рахымжанова;
- «Мониторинг бойынша іс-шаралар және тәрбие үдерісінің әдістемесі» және «Алуан мәдениетті дамыту бағыты» бойынша – Ж. Молдағалиева;
- «Білім беру үдерісін қолдау шаралары» және «Көшбасшылық қасиетті дамыту» бағыты бойынша – Г. Құдабаева;
- «Ата-аналармен жұмыс» және «Зияткерлік дамыту» бағыты бойынша Б. Қасаева;
- «Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу» бағыты бойынша Г. Тынымбаева;
- «Тәні мен психологиялық саулығының дамуына тәрбиелеу» бағыты бойынша – С. Сюнов;
- «Көркем-эстетикалық тәрбие» бағыты бойынша – Б. Тыныбаева.

Сонымен қатар бөлінген көшбасшылық жатақхана қызметінің басқа да тұстарын қамтыды. Олар:

- ✓ Оқушылар кеңесіне жетекшілік ету – А. Аяп;
- ✓ Қыз балалар және ер балалармен жұмыс – Ж. Қуанышкереева, Б. Тыныбаева, С. Сюнов;
- ✓ Тәрбиешілер кеңесінің хаттамасын жүргізу – Г. Тынымбаева;
- ✓ Жатақхана қызметкерлері жиналысының хаттамасын жүргізу – Г. Құдабаева;
- ✓ Ата-аналар жиналысын хаттамасын жүргізу – Б. Қасаева;
- ✓ Оқушылардың тамақтану табелін жүргізу – Ж. Молдағалиева;
- ✓ Үйірме жұмыстары бойынша үйлестіруші – Г. Тынымбаева;
- ✓ Аквариум тазалығын қадағалау – Ж. Қуанышкереева., С. Сюнов., Б. Тыныбаева;

ТӘРБИЕ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ШАРАЛАР

Азаматтық-отансүйгіштікке тәрбиелеу



Міндеті: Отанға, оның тарихына, мәдениетіне, дәстүріне, табиғатына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу; отбасына, қоғамға, еліне деген азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: Тәрбиеленушілерді патриоттық тәрбиелеуге сәйкес шаралар жүйесі; тәрбиеленушілердің патриоттық санасы, әлеуметтік белсенділігі және азаматтық жауапкершілігінің өсуінің жағымды динамикасы;

Қазіргі қоғамдағы тұлғаның өзін-өзі анықтауына қажетті адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру: мемлекетке, билік органдарына, мемлекеттік рәміздерге, заңдарына, Конституцияға, азаматтық борыш сезіміне, өзіне талап қоя білуіне деген құрметі.

Өткізілген тәрбие шаралары:

03.09.2015 ж. «Ата Заңым ардағым!» тақырыбымен өткізілген тәрбие шарасының мақсаты құқықтық білім, тәрбие беру арқылы оқушылардың бойына заңға деген сүйіспеншілік сезімін ұялатып, өз құқығын білетін Конституциядағы міндеттерді орындайтын азаматты тәрбиелеу болды. Оқушылар Ата заң туралы викториналық сұрақтарға жауап бере отырып, адам бостандығы мен құқығын сыйлайтын және оны қорғайтын жеке тұлға ретінде білімдерін толықтыра түсті.

Сонымен қатар қыркүйек айының алғашқы аптасы «Мәңгілік Ел» Жалпыұлттық идеясының құндылықтарына негізделген мектеп құндылықтарын зерделеуге арналды. Әр топ оқушылары Зияткерлік мектебіміздің құндылықтары туралы шағын бейнероликтер дайындап, қатарымызға жаңадан қосылған 7-сынып оқушылары үшін тәрбие мектебінің үлгісін көрсетті.

12.09.2015 ж. Қазақ хандығының 550 жылдығына орай «Ұлылар ісін жалғайтын, біздер батыл ұрпақпыз, Бабалардың ұлы ісін отбасымен қолдаймыз!» тақырыбында ұйымдастырылған тәрбие шарасының мақсаты ұлы бабаларымыздың ерлігін бағалай білуге тәрбиелеу, сол арқылы еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру; тәрбиеленушілерді Отансүйгіштікке, батылдыққа жігерлілікке, қайсарлыққа тәрбиелеу; ата-аналар, тәрбиешілер мен оқушылардың ынтымақтастық қарым-қатынасын арттыру топтың намысын қорғауға баулу болды.

Ата-аналары және топ тәрбиешілерімен бірлесе додаға түскен оқушылар командалық жарысқа бар ынта жігерімен қатысып, топтың намысын қорғап, қазақстандық патриотизмді жоғары бағалайтын, салауатты өмір салтын сүйетін, ынтымақтастықта тәрбиеленген ұрпақ үлгісін көрсетті.

24.10.2015 ж. жалғасын тапқан тәрбие шарасы қазақ хандығы құрылуының тарихи оқиғалар тізбегін еске түсіре отырып, танымдарын арттыру; тарихи ұлы тұлғалардың ерліктерін насихаттай отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу; тарихи қала – Сарайшық топырағында билік құрған қазақ хандарының тарихын зерделеу; өткенді бағалап, болашаққа бағдар беруге баулу мақсатында «Сырға толы Сарайшық» тақырыбымен «Сарайшық» өлкетану мұражайына жол тартқан саяхатқа ұласты.

18.11.2015 ж. «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған қоғам және мемлекет қайраткері Шәмшә Көпбайқызы Беркімбаеваның «Бір адам қазған құдықтан мың адам су ішеді «Қадім» және «Жәдид» мектептерінен «Назарбаев зияткерлік мектептеріне» дейін» мақаласын талқылауға арналған оқушылар конференциясы болып өтті.

Ауқымды тақырыптарды «Жәдид» мектептерінен қазіргі «Назарбаев Зияткерлік мектептеріне» дейін болған маңызды оқиғалар туралы сөз қозғалған конференцияда қазақ даласындағы мектептердің ашылуына еңбегі сіңген Жәңгір хан, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов сынды қазақ жанашырлары, алғашқы мектептердің басынан кешкен қиындықтары туралы әңгіме қозғалып, талдау жасалды. Президентіміздің білім жолындағы жаңа бетбұрысы – халқымыздың болашағы үшін салған ең үлкен инвестициясы деп ұғынған жас зияткерлер, оның қайтарымы халқымыздың баға жетпес құндылығы боларын түсіне білді.

23 қараша-1 желтоқсан аралығында Елбасының сан қырлы талант иесі, әлемдік аренадағы танымал көшбасшы ретінде таныта отырып, еліміздің еңсесін тіктеп, мемлекеттігімізді нығайтып, халқымызды әлемге танытып, алаш баласының абройын асқақтатқан Елбасының өмірлік қағидаты мен құнды тәжірибесін зияткер оқушылардың біліуіне, түсінуіне, үлгі тұтуына ықпал ету мақсатында Тұңғыш Президент күніне орай «Елбасы салған сара жол» тақырыбында апталық өткізілді.

Тұңғыш Президентіміздің саликалы саясатымен алға адымдаған Тәуелсіз еліміздің тарихы мен табыстары туралы бейнебаяндар мен деректі фильмдерді тамашалаған оқушылар викториналық сұрақтарға жауап беріп, спорт саыстарына қатысты, Елбасына деген ыстық лебіздерін өлеңдері мен эссе тақырыптарына арқау етті. Тұңғыш Президентімізбен жүздесу сәтінен сыр шерткен ата-аналармен кездесіп, апталықты «Тұңғыш Президент күні - тарихи маңызы зор мереке» тақырыбымен өткізілген әдеби кешпен қорытындылады.

10.12.2015 ж. өздерінің құқықтарын біліп қана қоймай, жауапкершіліктерін сезіндіру, жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінің ішкі және сыртқы қатерден қорғалуына үлесін қосатын жастарды тәрбиелеу мақсатында тарих пәнінің мұғалімдерімен бірлесе отырып «Қауіпсіздік және жауапкершілік» тақырыбында тәрбие шарасы өткізілді. Топтық жұмыстарға белсене араласқан оқушылар тәртіп, қауіпсіздік және жауапкершілік туралы мәліметтер алды.

Сәуір айында туған жерге, туған жердің белді тұлғаларына құрмет танытып, бағалай білуге тәрбиелеу мақсатында жоспарланған шара аясында оқушыларымыз өлкеміздегі Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен қоғамымызға еңбек сіңірген қайраткерлерге арнап ризашылықтарын білдірген хаттарын жазып, жатақханамыздың айлық басылымы «Жас қыран» газетіне жариялады. Және бұл үрдісті жаңа оқу жылында жалғастырып, ризашылықтарымызды ақ тілек иелеріне, олардың отбасыларына табыс етуді жоспарладық.

Зияткерлік ой-өрісін дамытуға тәрбиелеу



Міндеті: сыни және шығармашылықпен ойлауды дамытуға сай болу, проблемаларды шеше білу, зерттеу және АКТ дағдыларын кеңейту; тәрбиеленушілердің әр түрлі бағыттағы білімін кеңейту.

Күтілетін нәтиже: тәрбиеленушілердің танымдық, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, басқа да белгілі бір қабілеттерін анықтау; тәрбиеленушілердің ғылыми-жобалық дағдыларын қалыптастыру.

17.09.2015 ж. өткізілген апталық Қазақстандағы Тілдер мерекесіне қарай ұйымдастырылып, оқушыларды ұйымшылдыққа, достыққа, өзін-өзі тануға, айналасындағы ортамен қарым-қатынас орната білуге, адамгершілікке, ана тілін сүйіп, қастерлеуге тәрбиелеу, олардың зияткерлік әлеуетін көтеру мақсатын көздеді. Балалар өздерін ана тілін құрметтеп, қастерлейтін, туған елге деген сүйіспеншілігі жоғары, өзге тілдерге құрметпен қарап, тілдік сауаттылығын жан-жақты дамытуға дайын ұрпақ ретінде өздерін таныта білді.

Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып тәрбие шараларының өту әдісі, тақырыптары өзгеріп отырды. Мысалы, 7-сынып оқушылары үшін «Тапқыр достар» сайысы, 8,9- сынып оқушылары үшін тіл туралы өз ойларын тарқату мақсатында «Тіл – ұлт болашағы» тақырында эссе жазу, 10, 12-сынып оқушыларының қатысуымен Елбасымыздың тіл туралы саясатын жүзеге асырып, ҚР-ның мемлекеттік тілі-қазақ тілінің мәртебесін көтеруге баулып, танымдық қабілеттерін арттыру мақсатын көздеген «Тіл тірегіміз-соғып тұрған жүрегіміз» тақырыбында мерекелік кеш өткізілді.

Жыл бойы өткізілген интеллектуалдық ойындар мен тренингтер оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, дүниетанымын, қызығушылығын арттырып, шығармашылық ізденіске баулуды, ұқыптылыққа, бірлікке, ынтымақтастыққа, шапшаңдыққа, белсенділікке тәрбиелеп, білімге деген құштарлығын арттыруға, олардың ақпараттық кеңістіктегі көшбасшылығын дамытып, қажетті ақпараттарды өз бетінше іздеп таба білуге және есте сақтау қабілетін дамытуға арналды. «Білімді мыңды жығар!», «Кітап-рухани байлықтың қайнар көзі», «Назарбаев Зияткерлік мектебінің лидері», «Зияткер көшбасшы» тақырыптарымен өткен интеллектуалдық бағыттағы тәрбие шаралары оқушылардың

танымдық ой-өрісін арттырып ғана қоймай, олардың үнемі ынтымақтасқан ортада бірлесе жұмыс атқара білулеріне, ортада өзіндік ой-пікірлерін ашық танытып, сыни көзқарастарын дамыта білуге ықпал етті.

Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу



Міндеті: жауапкершілік, құрмет, адалдық, адамгершілік, мейірімділік, имандылық сияқты қасиеттерді қалыптастыру, өз халқының мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын меңгеру

Күтілетін нәтиже: адамгершілік қасиеттері, сезім, көзқарас, саналы мінез-құлықты қалыптастыру; тәрбиеленушілерді жалпыадамзаттық құндылықтарды: қайырымдылық, мейірімділік, көңіліне ортақтасу, жанашырлық, альтруизм, төзімділік, жомарттылық, қарапайымдылыққа бағдарлауға үйрету; алыс және жақынға көмек көрсетуге, бейбітшілікке, көршілермен тату болуға, адам өмірінің құндылықтарын түсінуге ұмтылуға дайын болу; адалдық, әдептілік, жауапкершілік, гуманизм, еңбексүйгіштік, үлкендерге құрмет көрсету сияқты адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстынымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістіретін моральдық қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды, жас зияткер бойындағы рухани-адамгершілік тәрбиесін дамытуды көздеген тәрбие шараларының легі 08.10.2015 ж. өткізілген «Біз Елбасымен мақтанамыз!» атты Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың БҰҰ Бас ассамблеясының 70-сессиясының жалпы дебатында сөйлеген сөзін зерделеуге арналған тәрбие шарасымен басталды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен Жаһандық Стратегиялық Бастама – 2045 жоспарын жүзеге асырудың алғашқы қадамы болып табылар «Жаңа Болашақ» (NEW FUTURE) концепциясын әзірлеуге шақырған Елбасының ұстанымын ой түйсігінен өткізе білген шәкірттер рухани адамгершілік пен парасаттылықтың үлгісін үйренді.

Оқушылар топтарға бөлініп, келесі сұрақтар бойынша өз ойларын қорғады:

1. Жаһандық Стратегиялық Бастама – 2045 жоспарын әзірлеуді жүзеге асырылуын қалай елестетесіздер?
2. «Жасыл технологияларды» дамыту жөніндегі пікірлеріңіз қандай?
3. БҰҰ штаб-пәтерін Азияға көшіру мәселелеріне көзқарасыңыз қандай?
4. ХХІ ғасырдағы мәдениеттер мен пікірлерге деген толеранттылық пен қолдау және оларды ұлғайту туралы пікірлеріңіз?
5. Терроризм мен экстремизмнің алдын алу жөніндегі пікірлеріңіз?
6. Әлемдік кеңістіктегі Қазақстанның оң имиджін қалыптастырушы ең қарапайым 10 идеяңызды ұсыныңыздар.

«Бірлігі жарасқан Қазақстан», «Мамандықтың бәрі жақсы», «Өзінді атақты тұлғалармен салыстыр», «Көрісу мерекесі», «Қош келдің, Наурыз!», «Әдептілік-адамгершілік бастауы», «Кітап-рухани байлықтың қайнар көзі», «Шындық шыңы-ақиқат» тақырыптарында өткен тәрбие шаралары жас зияткерлердің тарихи-мәдени және рухани құндылықтарды бағалап, болашақ мамандықтары туралы ойланып, ізденуге, халық құрметіне бөленіп жүрген тұлғалар бойындағы жақсы қасиеттерді үлгі тұтып, әдептілік, адамгершілік мектебінен үлгі алуларына өз үлесін қосы.

Сонымен қатар рухани қазынасын байытар кітап әлеміне үңіліп, «100 кітап» жобасы аясында өткізілген «1. 2. 3» акциялары мен «Библиосумерки», «Bookbingo», «Графикалық органиайзер», «Бар мәселе – қалпақта» іскерлік ойыны, «Белгіленген поэзия», «Интеллект

карта», «Әлем картасы» сияқты іскерлік ойындар мен тренингтер барысында оқушылардың кітап оқуға қызығушылығы артып, жатақхана мен кітапхана арасындағы байланыс нығая түсті.

Тәрбие үдерісінде мұғалім мен оқушының екі жақты байланысқан қызметін сипаттайтын өзара тұрақты әрекеттестіктің жүзеге асырылуын зерттеуге арналған сауалнама барысында оқушылардың кітап оқу, рухани даму қабілетін анықтау мақсатында қойылған сұрақтарға орай оқушылар өздерінің сүйікті шығармаларымен, өздері жиі оқитын аудио кітаптар және онлайн шығармаларымен бөлісті. (Ол туралы мәліметтерді мониторингтеу бойынша атқарылған жұмыстар есебінен оқи аласыз).

Тәні мен психологиялық саулығының дамуына тәрбиелеу



Міндеті: денсаулыққа деген дұрыс көзқарасты қалыптастыру, тәні мен психологиялық денсаулығын сақтауда алдын алу шараларын жүргізу, зиянды заттарды пайдалануды және компьютерлік ойындарға тәуелділіктің алдын алу, спортқа деген сүйіспеншілікті дамыту

Күтілетін нәтиже: оқушылардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік денсаулығын сақтауға және нығайтуға жағдай жасау; жас ерекшеліктеріне қарай жүйелі бағытталған және қызметтің пәндік сипаты туралы заманауи түсінігіне сүйенетін дамушы ортаны құру, жетістікке жетудің бірден-бір жолы ретінде тәрбиеленушілердің салауатты өмір салтына қарым-қатынасын қалыптастыру үшін, тәрбиеленушілердің тұлғалық және психологиялық өсуінің дамуы және маңызы; тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту.

Тәні мен психологиялық саулығының дамуына тәрбиелеу, ең алдымен, оқушылардың саулығына, қауіпсіздігіне көңіл аударудан басталады. Сондықтан да оқушылар жатақхана орналасқан бойда, 01.09.2015 ж. техникалық қауіпсіздік ережесімен таныстырып, төтенше жағдайларда әрекет ету ережелерін үйрету, тәртіп сақтауға, жұмыс кезінде қоғам мүлкіне асқан жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу мақсатында өткізілген татақхана оқушыларының жиналысында мектептің техникалық қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі жөніндегі инженері есте сақтауға қажетті нұсқаулықтармен таныстырып, қауіпсіздік шарларымен таныстырды.

«Дені саудың жаны сау» көңілді ойындар сайысы (10.09.2015 ж.), «Ұлылар ісін жалғайтын, біздер батыл ұрпақпыз, Бабалардың ұлы ісін отбасымен қолдаймыз!» тақырыбында ата-аналармен бірге өткізілген спорттық шара (12.09.2015 ж.), «Көңілді мәре» эстафеталық сайысы (16.09.2015 ж.), «Жас шахматшы» сайысы (27.10.2015 ж.), «Толағай» эстафеталық жарысы (сенбі, жексенбі күндері) оқушылардың бос уақыттарын тиімді өткізіп, денсаулығы мен тән сұлулығының қалыптасуына тәрбиелесе, біршама тәрбие шаралары оқушылардың эмоционалдық ахуалын қадағалап, психологиялық тұрғыдан қалыптан ауытқымауларын бақылауға бағытталды.

«Дені сау ұрпақ – еліміздің болашағы» (15.10.2015 ж.), «Зиянды әдеттерден сақ бол!» (16.11.2015 ж.), «Нашақорлыққа жол жоқ!» (23.11.2015 ж.), психологтармен тренинг (әр сәрсенбі сайын), «Маған өмір керек, мен өмірге керекпін» тақырыптарында медбикелер, педагог-психологтардың қатысуымен өткізілген тренингтер мен тәрбие шаралары салауатты өмір салтын ұстанып, оқушылардың психологиялық хал-ақуалын, мінез-құлық ерекшеліктерін, танымдық процестерін, оқуға деген мотивациясын анықтау, өмірге деген бейімділік, табандылық қарым-қатынаста болуын қалыптастыру, өмірдің құндылығын сезіндіру, бір-бірімен қарым-қатынас машығын қалыптастыру, тәрбиелеу мақсаттарын көздеді.

Алуан мәдениетті дамыту



Міндеті: мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын, толеранттылық және жаһандық ойлауды қалыптастыру; шығармашылық тұрғыда өзін-өзі дамытуға қабілетті және өсіп келе жатқан ұрпақтың әлеуметтенуінің және ұлтымыздың этномәдени, ұлттық-аумақтық базалық деңгейінде құрылуы және қалыптасуының қажетті құралы ретінде этномәдени және азаматтық анықталуын жүзеге асыратын ұлттық салт-дәстүр, әлемдік мәдениет құндылықтары, қазақ халқының ана тілін және ұлттық мәдениетті дамытуы және кеңейтуі негізінде үйлесімін тапқан және жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру;

Күтілетін нәтиже: өзге халықтарды, мәдениеттің, өркениеттің, өмірлік құндылықтардың, тұрмыстық мәдениетін қоса құрметтеу және түсіну; адамдар және халықтар арасындағы қарым-қатынастың қажеттілігін түсіну; қарым-қатынас жасай білу қабілеті; өзге әлеуметтік және ұлттық топтармен қарым-қатынас құқығын ғана емес, сонымен қатар міндеттерін де ұғыну; белсенді ұлтаралық ынтымақтастықтың және бәсекелестіктің қажеттілігін ұғыну; өзара іс-қимыл және өзара алмасуға жету жолындағы әр түрлі мәдениеттің ерекшеліктерін түсінуге негізделген; өзге этностың және қоғамдастықтың проблемасын шешуге дайын болу.

Жаһандық дағдарыс барысындағы Қазақстан экономикасының салаларын және антикризистік бағдарламаның принциптерін, қазіргі қаржы жүйесінің дамуын қарастыру мақсатында 30.10.2015 ж. «Ел және шетел жаңалықтары» тақырыбында өткізілген тәрбие шарасы оқушылардың топтық жиындарында ақпараттар легімен танысып отыру дағдыларына ұласты.

Сонымен қатар әр елдің мәдени ерекшеліктері туралы фильмдерді тамашалау да балалардың демалыс күндері уақыттарын тиімді әрі пайдалы өткізулері үшін пайдалы болды.

Әр айдың соңында оқушылардың туған күндерін атап өтуге арналған «Сен туған күн» айдарымен өткізіліп тұрған көңілді кештері барысында да оқушылар көңілді ән-күй, ойындармен қатар түрлі ұлт өкілдеріне тән ерекшеліктерден көрініс беретін қызықты сәттерді сыйға тартып отыруды әдетке айналдырды.

Көшбасшылық қасиетті дамыту



Міндеті: басқару дағдыларын, тиімді байланыс, іскерлік, ұйымдастырушылық дағдыларын қалыптастыру; біртұтас мектепшілік ұжымды қалыптастыру арқылы тәрбиелік жүйені құру; тұлғаның жалпы адамзаттық құндылықтарымен қатынасы, мектептің қоғамдық өміріне қатысуы арқылы тұлғаның әлеуметтік нормаларды меңгеруі; іс-әрекет түрлеріне бағытталған ауқымды таңдауды ұсыну арқылы әр тұлғаның өзін-өзі тануы, өзін-өзі танытуы және іске асыруы үшін жағдай жасау; белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру, шығармашылық және бастамалар, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қасиеттерді дамыту.

Күтілетін нәтиже: тәрбиеленушілердің азаматтық позициясын, демократиялық мәдениетін қалыптастыру; тәрбиеленушілер ұжымының білім беру үдерісін басқаруға қатысуы; қоғам өміріндегі жағымды өзгерістерге бағытталған әлеуметтік маңызы бар жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру; тәрбиеленушілердің түрлі мәдениеттік іс-әрекеттерді жүзеге асыруы.

Басқару дағдылары, іскерлік, ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеу мақсатында жатақхана оқушылары кеңесінің төрағасын сайлау 08.09.2015 ж. оқушылардың дауыс беруі арқылы өткізілді. Сайлауға түскен 4 үміткердің ішінен оқушылар өз көшбасшыларын және кеңес мүшелерін таңдады.

«Көшбасшы қандай болу керек?» (05.10.2015 ж.), «Зияткер көшбасшы» (20.11.2015ж.), «XXI-ғасыр көшбасшысы», «Ғажайып алаң» тақырыптарында өткізілген тренингтер мен интеллектуалды ойындар оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамытып, зияткерлік ой-өресін арттыруға бағытталды.

Сонымен қатар мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен өткізілген «Табысқа апарар жол» жобасына жатақханадағы 9,10-сынып оқушылары қатысып, нәтижесінде өздерінің әлеуметтік жобаларын қорғап шығып, Сертификаттарға ие болды.

Көркем-эстетикалық тәрбие



Міндеті: өнерге, әдебиетке, музыкаға деген сүйіспеншілігін ұялату және тәрбиелеу; ішкі резервтерді (қабілеттер, қызығушылықтар, талант, жеке қасиеттер) іске асыруға және ашуға көмектесу; шығармашылық қызметпен айналысуға жағдай жасау.

Күгілетін нәтиже: мектептер арасынан, мектептің оқу-тәрбиелік жүйеге біріктірілген көркем-музыкалық білім берудің құралы, негізгі әлеуметтік құзыреттілігі ретінде тәрбиеленушілердің шығармашылық қызметінің тұлғалық маңыздылығын, эмоционалды климатын қамтамасыз ететін мәдени шығармашылықты құру; шығармашылық бірлестіктегі тәрбиеленушілерді педагогикалық сүйемелдеудің инновациялық технологиясын меңгерген, педагогикалық ұжымның жоғарғы деңгейдегі мәдениетке қол жеткізуі; тәрбиеленушілердің жеке жетістіктері, шығармашыл ұжым қызметінің жоғарғы нәтижелілігі; социум мен мектептің эстетикалық ортаның бірлестік жүйесінің болуы.

Халықаралық театр фестивалі декадасы аясында жазушы Рахымжан Отарбаевтың шығармаларынан Монғолия, Баян Өлгей аймақтық драма театры «Фариза мен Мұқағали» атты қойылым көрсетті (29.10.2015 ж.). Оқушылар Фариза мен Мұқағалидың достық қарым-қатынасын, поэзиядағы шығармашылық бірлескен жұмыстарын, жастық шақтарын, творчестволық ізденістерін, ақындардың ішкі бай дүниесін сахнадан көріп, олардың өмір жолдарын тереңірек таныды. Қазақтың әлемге танымал актері Асанәлі Әшімовті өз көздерімен көріп, сұқбаттасып, суретке түсті.

Сонымен қатар «Сарайшық» өлкетану мұражайы, Атырау облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, Ш. Сариев атындағы Атырау облыстық бейнелеу және сәндік қолданбалы өнер мұражайына барған сапарларында оқушылар ұлттық жәдігерлерімізбен танысып, тарих тереңіне үңіле алды. Көңілге түйген әсерлерін «Менің өлкем», «Жас фотограф» атты Арт-фото байқауларына ұсынып, достарының қошаметіне бөленді.

ЖАТАҚХАНА ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ

Мониторинг бойынша іс-шаралар және тәрбие үдерісінің әдістемесі

Мақсаты: бақылауды, бақылау жүргізуді, кешенді динамикалық байқауды, аналитикалық бағалауды және толықтай жүйенің күйін болжауды жүзеге асыру, тәрбиеленуші тұлғасын және ол қалыптасып жатқан ұжымды зерттеу, оқу-тәрбие үдерісінің нәтижелілігін анықтау.

Тәрбие мақсатының тиімділігі оны ұйымдастыру тәрбиеленушіге жақын және түсінікті болғанда ғана жүзеге асырылады. Осы заманғы тәрбиелік үрдіс мақсат

тұтастығымен, оларға қол жеткізуде оқушымен қоян-қолтық жұмыс істеумен ерекшеленеді. Бұл мақсатқа жетудің құралы – адамға базалық мәдениет негіздерін меңгерту арқылы іске асырылады.

Тәрбие ісіне қатысу екі жақты болады: біріншіден, тәрбиешіден тәрбиеленушіге дейінгі тікелей байланыс арқылы іске асырылатын әрекет. Тәрбиешінің қолында кері байланыс арқылы жинақталған хабар неғұрлым көп болса, тәрбиелік ықпал соғұрлым мақсаттылықпен іске асырылады. Бұл заңдылық мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуін және тәрбиенің нәтижелі болуын қарастырады. Егер тәрбие үрдісіне қатысушылардың өзара байланысы нәтижелі болмаса, тәрбие ісінің тұтастығы да болмайды. Бұл заңдылықтың нақты көрінісі оқушының сабақ үстіндегі белсенділігі мен тәрбие нәтижелерінің арасындағы байланыс арқылы көрініс табады: тәрбиелік қызмет неғұрлым қарқынды, саналы түрде жүргізілсе, соғұрлым тәрбиенің сапасы жоғары болады. Ендеше, тәрбие үрдісінде мұғалім мен оқушының екі жақты байланысты қызметін сипаттайтын өзара тұрақты әрекеттестікті жүзеге асыру талап етіледі. Бұл үшін тәрбиешінің өз шәкіртің жақсы көруі және тәрбиеленушінің жеке басын жоғары адамгершілікпен бағалай білуі қажет.

Белгіленген мақсаттарды жүзеге асыру үшін оқу мен тәрбие жұмысының, жалпы жатақхана қызметінің оқушылар үшін қолайлылығын, олардың психологиялық-эмоционалдық ахуалы мен көңіл-күйлерін, білім алу үдерісіндегі кездесетін қиыншылықтары мен жетістіктерін зерттеуге арналған сауалнамалар жүргізілді.

Сауалнама нәтижелері оқушылар үшін қолайлы жағдайды жолға қою мақсатындағы жұмыс жоспарының басымдықтарына негіз болды.

Бірінші кезекте 7-сынып оқушыларының бейімделу үрдісіне психологиялық-педагогикалық зерттеу жүргізу мақсатында мониторинг жүргізілді.

Жатақхана бойынша 7-сынып оқушылары барлығы – 32. Олардың 9-ы ұл бала, 23-і қыз балалар болды. Психологтармен 7-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін қадағалау мақсатында бақылау картасы жүргізілді.

7-сынып оқушыларына арналған бақылау картасының нәтижелері төмендегідей болды:

1) Мектепке келген кездегі эмоциональдық көңіл-күйі

«Шаттық» тобы

Ұл бала саны – 4

Қыз бала саны -8

Барлық оқушы саны – 12

«Зерде» тобы

Ұл бала саны – 3

Қыз бала саны – 8




Барлық оқушы саны – 11

«Нұр» тобы


Ұл бала саны - 2

Қыз бала саны-7

Барлық оқушы саны-9




2) Оқушының белсенділігі



	әрқашан белсенді және жауапты емес	әрқашан жинақы	белсенді, өзбетті, қырағы	белсенді, бірақ алда боламын деп қателеседі
■ "Шаттық" тобы	1	2	7	2
■ "Зерде" тобы	1	4	6	0
■ "Нұр" тобы	2	3	2	2
■ Барлығы	4	9	15	4

■ "Шаттық" тобы ■ "Зерде" тобы ■ "Нұр" тобы ■ Барлығы


3) Оқушының құрбыларымен қарым – қатынасы




	ақкөңіл, тез тіл табысады, кейде өкпелеп қалатыны бар	беделді, көмекке әзір, бауырмал, тіл табысқыш	ешкіммен дос емес
● Барлығы	11	20	1
● "Нұр" тобы	3	5	1
● "Зерде" тобы	3	8	
● "Шаттық" тобы	5	7	

● "Шаттық" тобы ● "Зерде" тобы ● "Нұр" тобы ● Барлығы

4) Сабақтан тыс мезгілде оқушының тәртібі



5) Оқушының мұғалімдермен, тәрбиешімен қарым – қатынасы



Оқу үдерісін қолдаудағы тәрбие қызметінің рөлі туралы мониторинг

Мақсаты: бүгінгі заман талабына сай, жаңа ағымға қабілетті, өзі шешім қабылдай алатын, өздігінен білім алуға ынталы тұлғаны қалыптастыру, топтық жұмыс туралы білгендерін ортаға сала отырып, топтық жұмыстың тиімділігі туралы толық мағлұмат беру.

Баланы оқытуды ұйымдастырған алуан түрлі жұмыстар зерттеліп, олардың ішінен қазіргі заманға лайықтылары іріктелді. Мектепте оқитын оқушылардың саны, олардың оқитын жерлері, оқу жұмысының ұзақтығы зерттеліп, баланы жекелеп оқыту, топты, ұжымды оқыту, сыныпта, сыныптан тыс, мектепте, мектептен тыс жерлерде оқыту жолдары анықталды.

Оқушылар сабаққа топтасып дайындалғанда, қарым-қатынастары нығайып, жақсы білім алуға мүмкіндік туатындығы дәлелденді. Топпен жұмыстың артықшылықтары анықталды:

- ✓ игеретін материалдардың көлемі мен оларды түсіну қажеттілігі артады;
- ✓ жаппай оқытуға қарағанда, ұғымдарды, түсініктерді, дағдыларды қалыптастыруға аз уақыт жұмсалады;
- ✓ жұмыс атмосферасын қалыптастыру жүзеге асырылады;
- ✓ оқушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық пен жұмыс істеуі артады;
- ✓ оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсарады;
- ✓ өзіне сын көзбен қараушылық артады, құрбылармен жұмыс істеп үйренген оқушы өзінің қабілетін дұрыс бағалай және жақсы бақылай алады;
- ✓ өмірге қажетті дағдыларды үйренеді.

Нәтижесінде үй тапсырмаларына және жиынтық бағалауларға бірлесіп дайындайтын топтар белгіленді.

Жатақхана тәрбиеленушілері арасында ІЖБ кезінде топтық және жұптық әдіспен сабаққа дайындалу кестесі 2015-2015 оқу жылы

Р/с	Оқушының аты-жөні	Сыныбы, оқыту тілі		Тобы	Пәні	Мұғалімнің аты-жөні	Лидер оқушы	Сабаққа дайындалатын орны
		қаз. тілді	орыс тілді					
1	Ешманова А Абибуллаев Е Қуаныш И Теміреш Р		7е 7f 7е	3 2 1 1	математика		Ғалымжанова 12 «б» сынып оқушысы	Жатақхананың II қабаты
2	Ешманова М Алимжанова Баданова Н Мысырғали Н Набидоллаев Жаңабаев М Жалғасова А Хайрошева А Отарова А	7а 7с 7с 7а 7с 7б 7с 7с 7б		3 3 3 2 3 3 1 1 3	математика	Құдабаева Г	Мысырғали Надежда Баданова Назерке	Жатақхананың II қабаты
3	Теміреш Р Хайрошева А Жаңабаев М Қайрат Б	7б 7с 7б		1 1 3 1	Қазақ тілі		Хайрошева Айғаным Жаңабаев Мұрат	Жатақхананың I қабаты
4	Барлық 7-қазақ сыныптар	7а 7б 7с	7е 7г 7f	1,2,3- топта р	Физика	Касаева Б	Теміреш Расул	Жатақхананың II қабаты


		7d						
5	Жалғасова А Жақсылық Н Аманғали А Қонысов Т Теміреш Р Набидоллаев	7с 7а 7а 7с 7б 7с		1 2 2 1 1 3	Химия		Жалғасова А Жақсылық Н Аманғали А	Жатақхананың І қабаты
6	Барлық 7-орыс сынып оқушылары		7е 7г 7ф	1,2,3- топта р	Ағылшын тілі		Жакенова Д Кенжебаева К	Жатақхананың І қабаты
7	Маратов М Кенжебаева К Исказиева Р Боранбаева Г Саниязбекова		7г 7г 7ф 7ф 7е	1 2 1 1 1	Биология		Исказиева Раушан	Жатақхананың І қабаты
8	Аманқос Д Жұлдызбаева Отарова А Ешманова М Жақсылық Н Жалғасова А Қонысов Т	7с 7с 7б 7а 7а 7с 7с		2 3 3 3 2 1 1	Биология		Аманқос Д Жұлдызбаева Отарова Арухан	Жатақхананың ІІ қабаты
9	Барлық 7-қазақ сынып оқушылары	7а 7б 7с 7д		1,2,3- топта р	Ағылшын тілі		Иманғалиева Қайрат Б	Жатақхананың ІІ қабаты
10	Барлық 7-орыс сыныптар		7е 7г 7ф	1,2,3- топта р	Физика	Касаева Б	Исказиева Р	Жатақхананың І қабаты
11	Барлық 7- сыныптар	7а 7б 7с 7д	7е 7г 7ф	1,2,3- топта р	География		Сарсенбиева	Жатақхананың І қабаты
12	Барлық 7- сынып оқушылары	7а 7б 7с 7д	7е 7г 7ф	1,2,3- топта р	Информати ка		Абибуллаев Е	Жатақхананың ІІ қабаты
13	Ешманова М Алимжанова Баданова Н Жұлдызбаева Иманғалиева Мысырғали Н Жақсылық Н Қонысов Т	7а 7с 7с 7с 7д 7а 7б 7с		3 3 3 3 3 2 2 1	Орыс тілі	Рахимжанова	Ешманова М Алимжанова Гаухар	Жатақхананың І қабаты
14	Аманғали А Төлегенова К Жаңабаев М Набидоллаев Теміреш Р Қуаныш И Ешманова А Қонысов Т	7а 7б 7б 7с 7б 7с		1 2 3 3 1 1 3 1	Орыс тілі	Исмагулова А	Ешманова А	Жатақхананың ІІ қабаты
15	Боранбаева Г Саниязбекова Кенжебаева К Кеңесова А Қайрат Б		7ф 7е 7г 7ф 7е	1 1 2 2 2	Математик а		Кеңесова А	Жатақхананың І қабаты
16	Саниязбекова Ешманова А Кенжебаева Сенбі Г		7е 7е 7г 7ф	1 3 2 1	Қазақ тілі		Сенбі Гүлжан Маратов М	Жатақхананың ІІ қабаты

	Маратов М Кеңесова А		7g 7f	1 2				
17	Қуанышева Д Рахметқали А Есбергенова Жайдарбек Б Хамитова А Ералиева Н Дюсенғалиева Мұханов Н Ренатұлы А	8a 8b 8b 8b 8b 8a	8d 8c 8c	4 4 4 4 4 4 3 4	Тарих Орыс тілі Орыс тілі Ағыл.тілі Ағыл.тілі	Сюнов С.К. Рахимжанова Б.С.	Жексенова Д 12 «е» сынып оқушысы	Жатақхананың II қабаты
18	Қалиолла К Қырықбай С Қизат Бекарыс Бекетова А Өтепқалиева Қонысова А	10d 10d 10d 10d 10d 10a		3 2 2 5 1 1	Химия Биология		Қалиолла К Бекетова А	Жатақхананың I қабаты
19	Нұрғали Э Бағытов Ж Сабигалиева Құттыбаева Ғарифоллаева Әбшенов С Әнесов Ж	10b 10 b 10b 10b 10b 10b 10b		5 6 5 5 5 6 5	Физика химия		Құттыбаева	Жатақхананың I қабаты
20	Әлкеева К Темір Н Сансызбаев И Шонғариева Ғалымжанова Сламғалиева		12f 12f 12f 12f 12f	5 6 6 3 6 5	Физика Биология		Әлкеева К Темір Н	Жатақхананың III қабаты
21	Қойшыбай А Хисметов Д Нарымбаева Амангелдиев Қабидулліева	12a 12a 12a 12a 12a			Барлық пәндер Тарих		Хисметов Д Амангелдиев	Жатақхананың II қабаты
22	Ренатұлы Арсен Бектілеу Әлішер Күбегенов Е	8a 9a 10a		4 5 3	Биология		Күбегенов Е	Жатақхананың II қабаты
23	Ренатұлы А Рахметқали А	8a 8a		4 4	Барлық пән			Жатақхананың I қабаты
24	Жаңбырбай П Ақмұханбетов	9a 9a		4 4	Барлық пән		Жаңбырбай	Жатақхананың II қабаты
25	Сисенбаева Ә Тасқымбаева Сағиева М		9d 9d 9d	4 5 5	Барлық пән		Тасқымбаева	Жатақхананың II қабаты
26	Секеуова А Диярова Р Сабырова М Сисенбай М		10e 10e 10e 10e	2 6 6 5	Барлық пәндер Математик а		Сабырова М Сисенбай М	Жатақхананың III қабаты Жатақхананың I қабаты
27	Рахметова А Насипқалиева Қонысова А	10a 10a 10a		6 1 1	Барлық пәндер		Қонысова А	Жатақхананың I қабаты
28	Еркінова А Тарих Т Тұрланова А Қуатқалиева		12i 12i 12i 12i	2 5 5 4	Барлық пәндер		Қуатқалиева Еркінова А	Жатақхананың III қабаты
29	Билялова А Орынбасарова Тынымбай А	12c 12c 12c		3 4 4	Барлық пәндер		Билялова А	Жатақхананың I қабаты

	Абай Динара	12с		4				
30	Амандықова Мысырғали І Берікқызы Қ Исмагулова А Жексенова Д Тілекбай Г	12e 12e 12e 12e 12e 12e		4 3 3 3 3 5	Барлық пәндер		Мысырғали І Берікқызы Қ	Жатақхананың ІІ қабаты
31	Иманғалиева Қасымғалиева Рахматуллина Қапсәлім А Секеуова Ә		10h 10h 10h 10f 10e	1 2 6 2 2	Барлық пәндер		Иманғалиева Рахматуллин а	Жатақхананың ІІ қабаты
32	Әбуғали Ш Сағын Аружан Көшкінбаева Идаят Н Қуанышев А	12d 12d 12d 12d 12d		6 3 6 5 4	Барлық пәндер		Идаят Н Әбуғали Ш	Жатақхананың ІІІ қабаты
33	Сисенбай М Алшынқызы		10e 10a	5 2	Математик а		Сисенбай М	Жатақхананың І қабаты
34	Қапсәлім А Секеуова А		10f 10e	3 1	Барлық пән		Қапсәлім А	Жатақхананың ІІІ қабаты
35	Оңалова М Елеусинов Р		12h 12 h	3 5	Барлық пән		Оңалова М	Жатақхананың І қабаты
36	Имамұрат Н Мұханғалиева Нұржанұлы А Молдабаев Д	10с 10с 10с 10с		1 5 2 2	Биология Математик а		Мұханғалиев а Нұржанұлы А	Жатақхананың ІІ қабаты

Сонымен қатар оқушылар арасында қиындық тудыратын пәндер тізімі анықталып, тәрбиешілер мен пән мұғалімдері арасындағы байланыс оң нәтижесін берді.

ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА ҚИЫНДЫҚ ТУДЫРАТЫН ПӘНДЕР ТІЗІМІ




ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ МЕКТЕПШІЛІК ОЛИМПИАДА ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ КӨРСЕТКІШ

№	Оқушының аты - жөні	Сыныбы	Мектепшілік пәндік	Жетістігі
---	---------------------	--------	--------------------	-----------

			олимпиадаға қатысы	
I - топ				
1	Қайролла Мадина	7 f	Ағылшын тілі	II орын
2	Хайрошева Айғаным	7 c	Қазақ тілі	III орын
3	Сенбі Гүлжан	7 f	Қазақ тілі	III орын
4	Қонысова Ақжан	10 a	Қазақ тілі	I орын
II - топ				
5	Капсәлім Ақтолқын	10 f	Биология	III орын
6	Берекеқызы Жанерке	10 f	Қазақ тілі	II орын
7	Абибуллаев Арман	7 f	Информатика	II орын
8	Аманқос Дамир	7 c	Қазақстан тарихы	III орын
III - топ				
9	Иманғалиева Раушан	7 d	Қазақ тілі	II орын
10	Қалиолла Кемелхан	10 d	География	III орын
IV - топ				
11	Хамитова Айнұр	8 b	Химия	I орын
12	Рахметқали Аяғөз	8 a	Физика	I орын
			Қазақстан тарихы	II орын
13	Есбергенова Анел	8b	Қазақстан тарихы	I орын
14	Ералиева Назерке	8b	Химия	II орын
15	Ренатұлы Арсен	8a	География	II орын
16	Амангелдиев Ә	12a	Биология	I орын
17	Есқали Томирис	12 b	Қазақ тілі	III орын
V - топ				
18	Ғарифоллаева Нұрайна	10b	Физика	1 орын
19	Сабиғалиева Жадыра	10b	Биология	2 орын
20	Мұханғалиева Аишабибі	10	Биология	1 орын
21	Таскымбаева Жадыра	9d	Қазақстан тарихы	1 орын
22	Нұрғали Элеонора	10 b	Физика	3 орын
23	Идаят Нұрсауле	12d	Қазақ тілі мен әдебиет	2 орын
24	Сагиева Мадина	9d	Қазақстан тарихы	2 орын
25	Құттыбаева Шолпан	10 b	Биология	3 орын
26	Әнесов Жақсылық	10b	Қазақстан тарихы	3 орын
VI - топ				
27	Бағытов Жанболат	10 b	Биология	III - орын


I – ТОҚСАН САПА КӨРСЕТКІШІ




ОЗАТ ОҚУШЫЛАР

1. Еркінова Арайлым 12 i
2. Демеуова Жангүл 12 g
3. Сағын Аружан 12 d
4. Жексенова Данагүл 12 e
5. Билялова Айнұр 12 c
6. Хамитова Айнұр 8 b
7. Қуатқалиева Жаным 12 i
8. Сисенбаева Әсел 9 d
9. Есқали Томирис 12 b
10. Тасқынбаева Жадыра 9 d
11. Мұханғалиева Айшабибі 10 c
12. Құттыбаева Шолпан 10 b
13. Әлкеева Камшат 12 f
14. Тарих тоты 12 i
15. Әбшенов Сағындық 10 b


Жатақхана бойынша – 85%




II-тоқсан сапа көрсеткіші



Сынып бойынша үлгерім көрсеткіші



Жатақхана бойынша білім көрсеткіші (II тоқсан):



ОЗАТ ОҚУШЫЛАР


1. Еркінова Арайлым 12 i
2. Демеуова Жангүл 12 g
3. Сағын Аружан 12 d
4. Жексенова Данагүл 12 e
5. Билялова Айнұр 12 c
6. Хамитова Айнұр 8 b
7. Қуатқалиева Жаным 12 i
8. Сисенбаева Әсел 9 d
9. Есқали Томирис 12 b
10. Тасқынбаева Жадыра 9 d
11. Мұханғалиева Айшабибі 10 c
12. Құттыбаева Шолпан 10 b
13. Әлкеева Камшат 12 f
14. Шоңғариева Айдана 12 f
15. Мысырғали Инкәр 12 e
16. Қалиолла Кемелхан 10 d

17. Иманғалиева Раушан 7 d
18. Тынымбай Ақжан 12 c
19. Есбергенова Анель 8b
20. Жайдарбек Балнұр 8b
21. Сайлауова Ақгүл 12 b
22. Үбіғалиева Шынар 12 b
23. Ералиева Назерке 8 b
24. Сабиғалиева Жадыра 10 b
25. Бекетова Ақтоты 10 d
26. Сламғалиева Арайлым 12 f
27. Нарымбаева Жұлдыз 12 a
28. Өтеген Фатима 12 b
29. Сисенбай Мадина 10 e

ОРТАША ҮЛГЕРІМ

1. Темір Нұрдәуіт 12 f


III-ТОҚСАН САПА КӨРСЕТКІШІ



Сынып бойынша үлгерім көрсеткіші



Топ бойынша үлгерім көрсеткіші




	1 - топ	2 - топ	3 - топ	4 - топ	5 - топ	6 - топ
■ оқушы саны	5	6	6	11	10	6

■ 1 - топ ■ 2 - топ ■ 3 - топ ■ 4 - топ ■ 5 - топ ■ 6 - топ

ОЗАТ ОҚУШЫЛАР


- | | |
|------------------------------|-------------------------------|
| 1. Өтепқалиева Айымгүл 10 d | 23. Тынымбай Ақжан 12с |
| 2. Нұрмұхамбет Асланбек 10 a | 24. Қуатқалиева Жаным 12i |
| 3. Имамұрат Нұрсая 10 с | 25. Амандықова Мөлдір 12 e |
| 4. Боранбаева Гаухар 7f | 26. Сайлауова Ақгүл 12b |
| 5. Қайролла Мадина 7 g | 27. Үбіғалиева Шынар 12b |
| 6. Берекеқызы Жанерке 10f | 28. Таскымбаева Жадыра 9d |
| 7. Төлегенова Камиля 7b | 29. Құттыбаева Шолпан 10b |
| 8. Қырықбай Сәбит 10d | 30. Бекетова Ақтоты 10d |
| 9. Кәпсәлім Ақтолқын 10f | 31. Сабиғалиева Жадыра 10b |
| 10. Сарсенбиева Дана 7e | 32. Нұрғали Элеонора 10b |
| 11. Кенжебаева Камиля 7g | 33. Сисенбай Мадина 10e |
| 12. Шонғариева Айдана 12f | 34. Тілекбай Гүлмаржан 12 e |
| 13. Жексенова Данагүл 12 | 35. Мұханғалиева Айшабибі 10с |
| 14. Берікқызы Құралай 12e | 36. Сагиева Мадина 9d |
| 15. Мысырғали Инкәр 12 e | 37. Абшенов Сағындық 10b |
| 16. Билялова Айнұр 12с | 38. Ғалымжанова Арайлым 12f |
| 17. Қалиолла Кемелхан 10 d | 39. Диярова Рената 10 e |
| 18. Хамитова Айнұр 8b | 40. Сабырова Мөлдір 10e |
| 19. Есбергенова Анель 8b | 41. Рахметова Ағайша 10a |
| 20. Жайдарбек Балнұр 8b | 42. Тұрланова Алмара 12i |
| 21. Ералиева Назерке 8b | 43. Сисенбаева Әсел 9 d |
| 22. Рахметқали Аягөз 8 a | 44. Тарих Тоты 12i |

ЖАТАҚХАНА БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫ (ІІІ тоқсан)




«Сіз дұрыс тамақтана білесіз бе?» тақырыбындағы сауалнама оқушылар асханасының балалар үшін қолайлылығын анықтауға арналды:


1. Күнделікті ас мәзірі сізге ұнай ма?



2. Тамақты дайындау сапасы сізді қанағаттандырады ма?



3. Тамақтану кестесі сізге қолайлы ма?




4. Ас мәзірінен қандай тағамды өзгертер едіңіз?

- Таңғы асқа хлопья мен сүт, шоколад, жеміс-жидектер түрлерін көбірек берсе екен.
- Күріш, кисель, компот, сүт қосылған шай бермесе екен.

Сауалнама нәтижесі бойынша асхана қызметкерлерімен пікірлесіп, тәрбиешілер мен медбикелер дұрыс тамақтана білу нормалары, тағам түрлерінің адам ағзасына тигізер пайдасы туралы тәрбие шараларында оқушыларға ақпарат берді.

Жатақхана тәрбиеленушілеріне тәрбие қызметінің қолайлығын зерттеу мақсатында жүргізілген сауалнама тәрбие шараларының оқушылар үшін қаншалықты маңызды екендігін анықтап, олардың қызығушылығы мен пікірлерін білуге арналды. сауалнамаға 124 оқушы қатысып, 8 оқушы белгілі себептермен қатыса алмады.

1. Тәрбие сағаттарының қалай өткізілгенін қалайсыз?



2. Тәрбие сағаттарына белсенді қатысасыз ба?



Жоғары деңгей:

- маған тәрбие сағаттарына қатысқан ұнайды
- ой саларлық өзіметың ақпарат аламын
- ұнайды

Орташа деңгей:


- Көп уақытым болмайды
- Уақытым аз
- Сабақ көп
- Кей – кезде сабақтар кедергі келтіреді
- Кейде қолым босамайды
- Сабақтан шаршап келіп, кейде зауқым болмайды

- Сабаққа көп уақыт бөлемін
- Кейде үлгермеймін
- Сабақтан қолым босамайды

Төменгі деңгей:


- Сабаққа әрең үлгеріп жүрмін
- Көп бармаймын

3. Сабаққа дайындалу барысында топтық жұмыстарды кімдермен бірлесе ұйымдастырылғанын қалайсыз?



Өз ұсынысың – өзім дайындаламын, маған барлығы да ұнайды

4. Сіз бос уақытыңызда немен шұғылданғанды жақсы көресіз?



5. Жатақханада өткізілген қай тәрбие шарасы ерекше ұнады? Себебі ...

- Барлық тәрбие сағаттары ерекше ұнайды
- 100 кітап жобасы бойынша
- Туған күн кештері
- Психологиялық тренингтер
- Тәуелсіздік күніне орай тәрбие сағаттары
- Түлектер кеші
- Мектеп құндылықтары
- Күзгі бал
- Интеллектуалды ойындар

6. Сіздің сүйікті кітабыңыз (шағармаңыз) қандай?

- | | |
|--|-------------------------|
| • Гарри Потер | • Қарагөз |
| • Әдеби шығармалар | • Қозы Көрпеш Баян сұлу |
| • М.Мақатаевтың кітаптары | • Код да Винчи |
| • М.Шахановтың «Жыр жинағы» | • М.Мақатаев «Аманат» |
| • Менің атым – Қожа | • Оливер Твист |
| • Фантастикалық жанр | • Шерло Холмс |
| • Перси Джексон «Мәрле и Каменный лев» | • Жизнь без границ |
| • Механический ангел | • Робинзон Круз |
| • Махаббат қызық мол | • Чучело |
| • Абай жолы | • Война миров |
| | • Живи легко |
| | • Мәрле и каменный лев |
| | • Виноваты звезды |

- Дивергент
- Виноваты звезды
- Э.Ремарк «Три товарища»

7. Қандай аудио кітаптар мен онлайн шығармаларды сүйіп оқисыз?

- Дом в котором...
- Қозы Көрпеш Баян сұлу
- Көркем әдебиет
- Фантастикалық
- Қарагөз
- Мастер и Маргарита
- Стивен кинг
- Джон Гриннің кітаптары
- Kitap.kz

8. Өз достарыңызға немесе ұстаздарыңызға қандай жақсы шығармаларды ұсынған болар едіңіз (онлайн сілтемесін көрсетуіңізге болады)

- kitap.kz
- Көкшетау
- Мастер и Маргарита
- Ғашықтың ғаламаты
- Джейн Остин шығармалары
- Балалық шаққа саяхат
- Тіршілік
- Дом, в котором...
- Әдеби шығармалар
- Фаренгейту
- Д.Исабеков «Бекет»
- Ұлы Отан соғысына арнап жазылған әдеби шығармалары
- Әлем әдебиетіндегі шығармалар
- Мастер и Маргарита
- Жүрек Арызы
- Найман - Ана

Зерттеу жұмыстары оқушылардың табиғатын, жан-дүниесін, олардың ұсыныстары мен талаптарын білумен ғана шектелмейді. Оқу жылындағы атқарылған әрбір жұмыстың нәтижелі болуы осылайша оқушы даусына көңіл болып, олардың оқу, білім алу, тәрбие алу үдерісіне әрбір жауапты тұлғалардың сыни тұрғыдан дер кезінде қолдау көрсете білгендерінің нәтижесі болып табылады.

2015-2016 оқу жылында атқарылған жұмыс нәтижесі, оқушылар мен ата-аналар ұсынысы, мектеп әкімшілігінің қолдауымен алдағы оқу жылына келесідей басымдықтарды белгілейміз:

1. *Оқыту мен тәрбиелеудің қолайлы ортасын қалыптастыру мақсатында оқушылар мен ата-аналарды қамтитын зерттеу жұмысын жалғастыру;*
2. *Жақсы жолға қойылған ата-аналармен байланысты әрі қарай жалғастыра отырып, мектеп басшылығының ұсынысымен ата-аналар қолдауына ие болған жаңа жобаларды жүзеге асыру: «Ауылдан базарлық», «Жанұя мүшелерінің күні», «Бір бөлменің тұрғындары»;*
3. *Зияткерлік бағыттағы тәрбие шараларын пән мазмұнына бағыттап, тәрбиешілер мен пән мұғалімдерінің командалық жұмыстарын жолға қою;*
4. *Халықаралық мұғалімдердің қатысуымен жаһандық азаматтық тақырыбындағы тәрбие шараларын ұйымдастырып, тілдік дағдыларды дамытуға ықпал ету.*

ТӘРБИЕ ШАРАЛАРЫНАН КӨРІНІСТЕР



«Ата Заңым ардағым!»



«Ұлы Жеңіс - ұрпаққа аманат!»



Қолөнер үйірмесі



«Сырға толы Сарайшыққа саяхат»



«Мектеп-оқушы-ата-ана – біртұтас!»



Интеллектуалдық ойындар



«Сен туған күн..!»



«Үш ізгі іс»